Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 4 сәуір №4712-24-00-2/484 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық Е.Оразақов атындағы туберкулезге қарсы санаторийі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) шартты бұзу туралы
2) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор -А.М.Дюсенова
талап қоюшы өкілі -С.С.Нысанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 3 қаңтарда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №2 келісім шарты (әрі қарай-Шарт-1) жасалған. Шарттың жалпы сомасы 1 991 041 теңге құраған.

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер электроэнергиямен 2024 жылдың 31 желтоқсанға дейін қамтамасыз етуге тиіс болатын.

Шарттың №2 қосымшасына сәйкес Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіндегі 5) тармақ бойынша

электр энергиясын сату нүктесі – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты бар энергия беруші ұйымның жауапкершілігі шекарасында орналасқан нүкте болып табылады.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер осы техникалық ерекшелігіндегі 5) тармақтың орындалмағанын, яғни энергия жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарт құжаттары жеткізілмегенін көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, шартты бұзу туралы және Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын - 59 731 теңгені өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды нақтылап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, шартты бұзуды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысына қатыспады, сот отырысының өткізілетін орны мен уақытын біле тұра, белгісіз себептермен қатыспауына байланысты, сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабына сәйкес қарауға ұйғарым етті.

Сонымен қатар, жауапкер талап қоюыға қарсы пікір келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор қорытындысында талап қою қанағаттандыруға жатады деп көрсетті.

4 сәуір 2024 жылғы соттың ұйғарымымен Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын - 59 731 теңгені өндіру туралы талап қоюы АПК-нің 279-бабының 8)тармағына сәйкес қараусыз қалдырылыған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 482-бабының 1-тармағына сай энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы «Электр энергетикасы туралы» Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес өңірлік электр желілері бойынша электр энергиясын беру энергиямен жабдықтаушы ұйым немесе тұтынушы өңірлік электр желісі компаниясымен уәкілетті орган белгілеген үлгілік нысан бойынша жасасатын электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 08.04.2024

Шарттың №2 қосымшасының 5) тармағына сәйкес электр энергиясын сату нүктесі – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты бар энергия беруші ұйымның жауапкершілігі шекарасында орналасқан нүкте болып табылады.

Сот отырысында анықталғаны, жауапкермен энергия жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты жасақталмаған.

Бұл мән-жай жауапкер тарапынан АПК-нің 72,73-баптарына сәйкес сотқа ешқандай дәлелдемелер ұсынбаумен расталады.

Сонымен қатар, жауапкер талап қоюшыға 2024 жылы 29 наурызда №43 жолдаған хатында оның 1 сәуір 2024 жылдан бастап электрэнергиясын сатып алуға лицензиясы тоқтатылғаны туралы хабарлаған.

Осыған орай, жауапкер электрэнергияны қамтамасыз ете алмайды, яғни бұл Шарттың талаптарын едәуір бұзған болып есептеледі.

АК-нің 401-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сай, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Осы кодекстің 402-бабының 2-тармағына сай, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Іс құжаттары бойынша талап қоюшы жауапкерге 2024 жылдың 18 қаңтарында Шартты бұзу туралы ескерту хатын жолдаған.

Жоғырдағылардың негізінде талап қоюшының Шартты бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сотта жауапкердің Шартты орындауға ешқандай мүмкіншілігі жоғы анықталды. Бұл мән-жай оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 08.04.2024

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімді кешіктірмеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануғақанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 846 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерлерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық Е.Оразақов атындағы туберкулезге қарсы санаторий» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты бұзу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық Е.Оразақов атындағы туберкулезге қарсы санаторий» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арасында 3 қаңтар 2024 жылғы жасақталған №2 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылсын.

РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігініен Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық Е.Оразақов атындағы туберкулезге қарсы санаторий» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

РКЦ-энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігініен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 08.04.2024

ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 08.04.2024

4712-24-3-1/334